

ӘОЖ 336.012.23 JEL E42, G2, O3

DOI: <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2024-4-122-133>

ЖАҒАНДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚСЫЗДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДА БАНКТІК НЕСИЕЛЕУ: ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КЕЙС

Р. У. Гулимбетова¹ Н. С. Нуркашева^{2*}, М. Д. Жумабаева³,

¹Еуразиялық технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

²Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

³Алматы Менеджмент Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

АНДАТПА

Зерттеудің мақсаты. Ғылыми мақаланың мақсаты қазіргі әлемдік қаржылық-экономикалық қатынастардың тұрақсыздық пен белгісіздік жағдайындағы Отандық екінші деңгейлі банктердегі несиелендіру үрдісінің негізгі технологияларының маңыздылығы мен қолдану ерекшеліктерін қарастыру болып саналады.

Әдіснамасы. Зерттеу барысында жалпы ғылыми әдістер, әдебиеттерге шолу, талдау, синтез, дедукция, жіктеу, жүйелік тәсілдер қолданылады.

Зерттеудің өзіндік ерекшелігі / құндылығы. ҚР банк жүйесі Еуропалық және халқаралық сарапшылардың пікірі бойынша, ТМД елдері арасында банк қызметінің жүйесі ең дамыған жүйесі деп танылды. Шынында да, соңғы жылдары ҚР-ның банк жүйесінде мықты өзгерістер байқалды; банк жүйесіне халықаралық стандарттар енгізілді, салымдар мен ипотекалық несиелеудің міндетті кепілдік резервтері сияқты маңызды институттар құрылды; Отбасылық банкі; процессинг орталығы; несиелік бюро қызметтері ұйымдастырылды.

Бұл мақалада несиелендірудің заманауи технологиясы арқылы клиенттер үшін неғұрлым қолайлы және тартымды қызметтерді көрсету, барлық бағыттар бойынша банктік қызметтерді жетілдіруге мүмкіндік беретін банктік несиелендіру үрдісінің технологияларының ерекшеліктері қарастырылады.

Зерттеудің нәтижелері. Банктік қызмет көрсетуді жылдамдатуға, бір уақытта, бірнеше клиентке қызмет көрсетуге, жоғарғы тиімділікке жетуге мүмкіндік беретін несиелендіру үрдісінің технологиялық механизмдерін қолдану бағыттары қарастырылды.

Түйін сөздер. Банк несиесі, несиелік операциялар, несиелеу технологиялары, сызбалық функционалдық құрылым, несиелік тәуекелдерді басқару, технологиялық кезеңдер.

КІРІСПЕ.

Банктердің Қазақстан экономикасы субъектілерімен тығыз қарым-қатынаста болуы, банк аясында болып жатқан құрылымдық өзгерістер, нақты секторға қызмет көрсету бойынша ерекшеліктері олардың қазіргі экономикада маңызды рөлді атқаратындығы жайлы айтады. Заманауи тұтынушы мен нарықтың өзгермелі мұқтаждықтары, банк секторындағы бәсекелестіктің арта түсуі банктердің өнімдік желіге өзгерістер енгізіп, банк қызметтеріне жаңа технологиялар қолдануды талап етеді. Осындай инновациялық күресу алаңы ретінде несиелік технологиялар нарығын мысалға келтіре аламыз.

Банктердің қолданатын несиелік технологиялар мен әдістемелік бағыттарды зерттеу банктердің несиелік технологияларын жүзеге асырудың теориялық негіздерін терең қарастыруды талап етеді. Банктік несиелік технологиялардың мазмұнын анықтау үшін алдымен «технология» терминінің мағынасын айқындап алған жөн. Әрі қарай ғылыми мақалада біз банк технологияларының ерекшеліктері мен олардың несиелендірудегі сипатын талдайтын боламыз.

Өзінің қызметтерін арттырып, жаңа технологияларды іске қосып, жаңалықтарды енгізу арқылы банктердің кірістері ұлғайғанымен, тәуекел деңгейі де артатыны белгілі. Бұл несиелендірудің

ғылыми тұрғыдан дұрыс әрі прогрессивті несиелік технологияларға негізделген сызбасына деген қажеттілігін түсіндіреді.

Тәуекелдер мен проблемалардың жиынтығы әлемдік экономикаға қауіп төндіруде. 2022 жыл әлемдік қоғамдастық үшін, әсіресе Қазақстан үшін күрделі сынақ болды. Тұрақсыз инфляция, қаржы нарығының тұрақсыздығы, импорттың шектелуі, жеткізу жолдарының өзгеруі, теңгенің әлсіреуі және т.б., аталған қиындықтардың бәрі Қазақстан экономикасының алдында тұрды. Инфляция жыл басынан бері екі есеге жуық өсті. Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, жылдық инфляция тамыз айында 16,1% - ға жетті. Ал, қаңтар-ақпан айларында ол 8,5–8,7% аралығында болған. Содан кейін, наурыз айында Ресей мен Украина арасындағы геосаяси қақтығыс жағдайында инфляция 12% - ға дейін өсті және одан әрі өсуді жалғастырды [1].

Осы уақытта теңге 2022 жылдың басынан бері айтарлықтай әлсіреді. Егер қаңтардағы орташа мән \$1 үшін 433,66 теңгені құраса, наурыз айында нарықта 510 теңгеден астам сауда жасалды. Содан кейін бұрылыс болды, сәуірде Ұлттық валюта орташа есеппен \$1 үшін 453 теңгеге, ал мамырда 430-ға дейін нығайды. Маусым айынан бастап доллар қайтадан көтерілді. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттық қорытындысы бойынша қыркүйек айында американдық валюта 470–482 теңгеден сатылды [1].

ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМІ

«Технология» сөзінің этимологиясын гректердің «*techne*» сөзімен байланыстырады [2]. Бұл сөздің аудармасы өнер, ұсталық деп аударылады. Технологияны ғылымның зерттеу объектісі ретінде қарастырудың алғашқы қадамы 1772 жылы неміс ғалымы И.Бекманның қол өнерге берген анықтамасы болып табылады. Қазіргі әдебиеттерде «технология» ұғымы физикалық ғылымдардың мақсатты түрде қолданатын ғылым саласында қолданылады, оның ішіне техника, медицина, ауыл шаруашылығы, басқару мен басқа да білім салалары кіреді [3]. Сонымен қатар технологияны шикізат, материалдар мен жартылай дайын өнімге тиісті еңбек құралдарымен әсер ету туралы жеке ғылым ретінде қабылдау таралған [4].

Анықтамалардың көрсеткіші «технология» терминінің келесідей түсіндірмелерін береді:

- материалдарды өңдеу, жасау, зат, энергия мен ақпаратты түрлендіру тәсілі [2];
- еңбек құралдарының физикалық, химиялық және басқа да қасиеттеріне әсер етудің жиынтығы [3];
- өнеркәсіптің белгілі бір саласындағы үдерістер мен тәсілдердің жиынтығы, сонымен қатар өнеркәсіп тәсілдерінің ғылыми сипаттамасы [4].

Несиелік технологиялар мәселесі жан-жақты қарастырылса да, бұл жұмыстар көбінесе қолданбалы сипатқа ие және несиелендірудің жеке технологияларын сипаттауға тірелген болатын. Сонымен қатар, теориялық тұрғыдан қарайтын болсақ, бұл мәселелер жеткілікті түрде зерттелмеген болса түрлі деңгейлер арасындағы байланыс тұрғысынан бұл мәселе әлі зерттелінбеген.

Осы ұғымның мазмұнының сипаттамасында ғылыми әдебиет технологияны ғылыми-техникалық идеялар мен оларды жүзеге асырудың материалдық тәсілдерінің жиынтығы деп түсіндіреді [5]. Әсіресе, Дж.Гэлбрейт технологияны экономикалық даму деңгейін бағалайтын рөл деп санайды [6]. Ресейлік ғалымдар арасында Н.С. Бабинцевті атап өтуге болады, ол технологияны жаңа білімнің материалданған және материалданбаған жиынтығы ретінде қарастырады [7]. Осындай ұстанымға А.И. Ракитовтың да көзқарасы ұқсайды. Оның пікірі бойынша, «...технология бұл – өз кезегінде нақты істер мен әрекеттерді жүзеге асырудың операциялары мен олардың құрылымын, оның негізгі мақсаты мен міндеттерін орындаудың, басқару мен ресурстарды пайдалану жүйелерін, интеллектуалдық-ақпараттық қамтамасыз ету жүйелерін, сонымен қатар әлеуметтік, экономикалық және мәдени жүйелерді біріктіретін ортақ ұғым» [8].

Келтірілген әрбір көзқараста технология өндірістің басқа да жақтарынан бөлек түрінде емес, әрекеттің нәтижелілігін арттыратын жүйелік ұғым ретінде көрініс табады.

Технология ұғымының мазмұндық жағы ғылыми дискуссияларды туғызбайды. Алайда «технология» ұғымының жан-жақтылығы заманауи әдебиетте оның түсіндірмесінде бірліктің жоғына әсер етеді. Бар анықтамаларды зерттеудің нәтижелері «технология» терминінің дефинициясындағы екі негізгі бағытты анықтауға мүмкіндік береді:

- операциялық;
- өнімдік.

Бірінші операциялық бағытқа сәйкес, технология субъектінің сәйкес нәтижесін алу мақсатында жасалынатын операциялар тізімі болып табылады. Мысал ретінде С.А. Хейнманның анықтамасын келтіруге болады. Оған сәйкес технологияның қандай құралдары, әдістерін қолдана отырып белгілі бір өнімді алуға болады [9]. Ю.В. Яковцеваның жұмыстарында технологияның ұқсас түсіндірмесі айтылады. Бұл автордың көзқарасы бойынша технология «техника табиғаттың заттарын түрлендірудегі тәсілдері мен құралдарының жиынтығы» болып табылады.

Аталған ерекшеліктерге сүйене отырып біз банк технологиясының өзіндік анықтамасын ұсынамыз. Технология дегеніміз нақты банктік қызметтерді көрсету мен нәтижеге жетуге бағытталған бір-бірімен тығыз байланысқан банктік операциялар мен оларды жүзеге асыруға қажет тәсілдер мен құралдар жиынтығы болып табылады. Аталған анықтама операциялық бағыттың қателіктерін түзетіп, банктік қызметті көрсетудегі әдістер, тәсілдер мен ұйымдастыру жолын байланыстыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар өзіміздің анықтамада біз банк технологияларының ерекшеліктерін ескеруге тырыстық.

НӘТИЖЕЛЕР МЕН ТАЛҚЫЛАУЛАР.

Заманауи коммерциялық банктерде әртүрлі кредиттеу технологиялары қолданылады. Олар банктің ұйымдастырылу құрылысына, қаржылай қызметтер аясындағы әрекет бағытына, банктің несиелік саясатына және басқа да себептерге байланысты болып келеді.

Банктер қолданатын түрлі несиелік технологиялардың түрлілігіне қарамастан, олардың экономикалық әдебиеттердегі типологиясына дербес мән берілмейді.

Сонымен қатар банктік несиелердің, банктік қарыз операциялардың, банктік өнімдер мен қызметтердің, банк аясындағы инновациялардың көптігіне қарамастан бұл тақырып тереңінен зерттелмеген.

Негізінен, банктік несиелеу технологиялары мен банктік несиелер, банктік несиелік өнімдер, банктік несиелік шаралар арасында теңдік белгісі қойылады, ал оларға қолданылатын классификациялар банктік кредиттеу технологияларын жүргізуге арналған болып есептеледі.

Жұмыстардың көп бөлігі банктің кредиттеу технологияларының жеке түрлерінің ерекшеліктерін зерттеуге арналған, мысалы, тұтынушылық несие [10], бірлестірілген несие [11], овердрафт несие [12], кредит желісі негізіндегі несиелендіру және т.б.

«Machine Learning» бағдарламасының маңызды аспектісі-сенімді және репрезентативті нәтижелер алу үшін жаңадан келген деректерге бейімделу және қайта оқыту мүмкіндігі. Бұл Машиналық оқыту әдістеріне көшу несиелік скорингті дамудың жаңа деңгейіне шығарады деп сеніммен айтуға мүмкіндік береді [13].

Бізге белгілі жұмыстардың ішінен банктік кредиттеу технологияларын классификациялау тақырыбы дербес жағынан Валенцева Н.И. жұмыстарында орын алды. Ол несиелік технологияларды несиелендіру механизмімен тығыз байланыста қарастырады. Оның пікірі бойынша, банктің кредиттеу технологиялары келесі түрлерді қамтиды:

- қарыздық тәуекелдерді басқару технологиясы;
- банктің негізгі операцияларын реттеу технологиясы;
- несиелеу тәсілдері мен әдістері;
- несиелеуді жоспарлау;
- несиелеуді ұйымдастыру үшін төлемдерді алу [14].

Несиелік тәуекелді бағалаудың жаңа альтернативті құрылымдары мен үлгілері пайда болған кезде қаржылық қызмет көрсету фирмалары бәсекелестік артықшылыққа ие болу үшін жаңа әдістемелерді пайдалана алады. Көтерілген нұсқалардың бірі - психометриялық тестілеу. «Business Insider» психометриялық тестілеу несиелік балл жасау үшін тұтынушы мінез-құлқы мен тұлғасын пайдаланатынын түсіндірді. Бұл ұйымдарға несиеге өтініш берушінің қандай тәуекел ұсынаатынын түсіну үшін жалпыға қолжетімді тұтынушы деректерін жинауға мүмкіндік береді [15].

Үлкен деректер қозғалысы қаржылық қызмет көрсететін фирмалардың негізін қалады, өйткені олар әртүрлі көздерден ақпараттың үлкен көлемін жинайды. Осы жерден арнайы тәуекелдерді басқару және

несиелік скоринг жүйелері бастапқы деректерді талдап, оны пайдаланушыларға сіңімді, әрекет етуге болатын форматта ұсына алады [15]. Бұл шешім қабылдаушыларға несиеге үміткерлерге байланысты тәуекелдерді тез анықтауға мүмкіндік береді, дегенмен олар сол таңдауды жиі құрылымдалмаған деректердің кең ауқымы негізінде жасайды

Несиелік скоринг ресми статистикалық әдістерді сипаттау үшін қолданылады несиеге үміткерлерді жақсы және жаман тәуекелге жіктеу үшін сыныптау жүргізіледі [16]. Болжаушы айнымалылар дефолт ықтималдығын бағалау үшін пайдаланылады. Қарастыруды қажет ететін факторлар - ақпаратты жинау және талдау құны, қабылданған жақсы және нашар несиелер бойынша күтілетін кірістер, қарыз алушы дефолт жасаса да несиелер пайдалы болуы мүмкін фактілер, ескіру деңгейі және т.б. (1 кесте).

Кесте 1 – Банктің несиелік технологияларының дәстүрлі анықталынатын түрлері

Жіктелу белгілері	Несиелік технологиялардың түрлері
Тұтынушы типі	Заңды және жеке тұлғаларға несие беру технологиялары
Несиенің объектісі	Жалпы және жеке
Несие беру тәртібі	Бір реттік және қайталама
Несие операциясын жүргізу	Типтік несиелеу технологиясы Арнайы несиелеу технологиясы
Несиені қаржыландыру жүйесі	Банктегі ішкі резервтерді пайдаланатын несиелеу технологиясы Халықаралық несиелеу технологиясы Кешенді (бірлеске) несиелеу технологиясы
Басқа ұйымдармен біріге қатысу	Банктің өз технологиясы Серіктестіктермен несиелеу технологиясы
Технологиялармен қамтамасыз ету деңгейі	Несиелеудің автоматтандырылған технологиясы Толықтай автоматтандырылмаған несиелеу технологиясы
Ескерту – кесте авторлармен құрастырылды	

Банк технологияларының түрлерін анықтаудың негізгі критерийі ретінде технологиялық үрдістің кезеңдері алынады. Әрбір технологиялық кезең технологиялық үрдісте өз рөлін ойнайды және арнайы құралдарды қолдану арқылы жүзеге асады.

Несиелендіру туралы шешім қабылдау кезеңі кезінде нақты қарыз алушыға қарыз беру мүмкіндігі анықталынады. Бұл кезеңнің ауқымды технологиялық шаралары тәуекелділікті анықтау мен несиелендіру туралы шешім қабылдау болып табылады.

Біздің банктік кредиттеу технология туралы түсінігімізге сүйеніп, біз ғылыми классификация классификация критерийлері ретінде келесілерді белгілеуді ұсынады:

- технологиялық үрдістің кезеңдері;
- технологиялық үрдісті ұйымдастыру;
- несиелік технологияға басқа жақтардың қатысу деңгейі;
- технологиялық үрдістің автоматтандыру деңгейі;
- технологияның жекелендіру мен ерекшелендіру деңгейі.

Айтылған критерийлердің негізінде жасалған несиелендіру технологияларының классификациясы төмендігі 2 - кестеде көрсетілген.

Кесте 2 – Банктің несиелендіру технологияларының авторлық классификациясы

Жіктелетін белгілері	Несиелендіру технологиялардың түрлері
Технологиялық үрдіс кезеңдері бойынша	Несиелендіру туралы шешім қабылдау Несие беру Несиені жүргізу Несие бойынша міндеттемелерді орындау
Технологиялық процестерді жүзеге асыруы бойынша	Атқаратын қызмет құрылымы бойынша Матрицалық құрылым бойынша Жобалық құрылым бойынша

Өзге тараптардың қатысу деңгейі бойынша	Жеке функцияларды аутсорсингке берумен Аутсорсингке бермей
Технологиялық үрдістің автоматтандыру деңгейі бойынша	Бухгалтерлік есеп пен операциялық күн негізіндегі автоматтандырылған жүйелер Автоматтандырылған сараптамалық жүйелер Қашықтықтан қатынасуы бар автоматтандырылған жүйелер
Технологияның жеке және ерекшелендіру деңгейі бойынша	Жалпылай несиелендіру технологиясы Жекеше несиелендіру технологиясы
Ескерту – кесте авторлармен құрастырылды	

Шағын және орта бизнесті несиелендіру перспективаларына келетін болсақ, олар көбінесе биылғы экономикалық өсудің баяулау күшіне, сондай-ақ мемлекетті қолдау шараларына байланысты болады. Бұл сектордағы жағдай дағдарысқа қарсы шаралардың бірі ретінде несиелеу қарқынын арттыру бағытында да өзгеруі мүмкін. Ал, егер экономикалық проблемалар тереңірек болса және мемлекет 2023 жылы бизнеске көмектесе алмаса, ҚР ШОБ кредиттеудің өсу қарқынын одан әрі қысқарту жағына шығуы мүмкін. Сондықтан да, негізгі сценарий ретінде 2022 жылдың мәнін – жылдық 18% өсімін аламыз [17].

Банк секторы 2022 жылы несие портфелінің тұрақты сапасымен, өтімділік бойынша жоғары позициямен, капиталдандыру мен рентабельділіктің одан әрі жақсаруымен қатар жүретін негізгі көрсеткіштердің одан әрі тұрақты өсуін көрсетті.

Несиелеу көлемінің екі таңбалы өсуі құрылыс пен байланысты қоспағанда, экономиканың барлық салаларында байқалды. Осылайша, банктік несиелеу іскерлік белсенділікті қолдады және ЖІӨ өсу қарқынының төмендеуі жағдайында (3,1 % дейін) экономикадағы тұтынушылық және инвестициялық сұранысты арттыруға көмектесті.

Бұл кредиттік белсенділікті қаржыландыру негізінен жоғары ставкалар, бюджеттік шығыстардың өсуі (шоғырландырылған бюджет шығыстары 14 %-ға өсті) және резидент еместердің қаражатының ағыны аясында клиенттер салымдарының (2022 жылға+5,6 трлн) ұлғаюы есебінен жүргізілді. Бұл ретте осы ағынның 40 %-ы 2022 жылдың 4-ші тоқсанына тиесілі, бұл жинақ коэффициентін жақсартты [18].

Технологиялық үрдістерді ұйымдастыруына байланысты несиелік технологиялар банктің функционалдық ұйымдастыруы аясындағы технологияларға, дивизионалдық банк құрылымына, жобалық немесе матрицалық ұйымдастырылу құрылымына бөлінеді.

Осы жағдайдан шығу банктің ұйымдастыру құрылымын дивизиондық тип негізінде жасау арқылы мүмкін болады. Дивизиондық тип негізінде банк ісін үрдістік жол бойынша басқару жатыр, және де бұл жолдың қағидасы – адамдарды функционалдық бөлімшелерге бөлмей, керісінше, бірігіп, ортақ міндетке жету. Құралатын дивизиондар жасалынатын банк өнімдерінің түрлеріне бағыттала алады; тұтынушылардың жеке топтарына; қызмет көрсетілетін аймаққа бағытталына алады. Бұндай құрылымда дивизион бастығының шешімімен банктің негізгі және қамтамасыз ететін қызметкерлері тайғайындалады. Олар дивизион құралған басты міндеттерді атқаруға бағытталған.

Сонымен қатар, банктік дивизиондарды ұйымдастыру банктің ұйымдастырылымдық құрылымы мен қаржылық құрылымын біріктіруге мүмкіндік береді. Себебі әрбір дивизион жеке дербес бизнес бірлік болып, өзінің әрекеттері үшін жауап беретін қаржылай жауапкершілік арттырылған орталық болып қалыптасады. Несиелік дивизиондарды құрау мен оларды басқару есебі бойынша кіріс орталығы ретінде қарастыру несиелік технологияның нақты түрін қолданумен байланысты кіріс пен шығыстарды бақылауға мүмкіндік береді. Осылай, дивизионалдық құрылым үрдістердің жоғары деңгейдегі бақылауын, барлық әрекеттердің жақсарған координациясын, әрекет нәтижелерін салыстыру мүмкіндігін береді. Алайда, сонымен қоса бұған функцияларды көшірудің үлкен деңгейі, сәйкесінше – үлкен шығын тән болып келеді.

Жобалық және матрицалық құрылымдар адаптивті ұйымдастырылымдық құрылымдарға жатады. Адаптивті құрылымдар дегеніміз банк уақытша немесе ұзақ мерзім негізінде құрайтын және нақты бір міндеттерді орындауға бағытталған және экономикадағы, қаржыдағы түрлі өзгерістерге жақсы жауап беруді қамтамасыз ететін құрылымдарды айтамыз.

Жобалық ұйымдастыру құрылымы банк қызметкерлерінің банк құрамында уақытша түрде бірігуі болып табылады. Ол нақты ауқымды мақсатты (жобаны) орындау үшін құрылады. Мысалы, үлкен жобаны қаржыландыру үшін ұйымдастырлыған құрылымды айтсақ болады. Осындай жобалық құрылымдар банктің сызбалық функционалдық құрылымы болып табылады. Жоба құрылымының бастығына оның барлық қызметкерлері мен барлық ресурстар бағынышты болып табылады. Жоба аяқталған кезде ұйымдастыру құрылымы таратылады. Матрицалық ұйымдастырлымдық құрылым жобалық форма қалыпты болып келетін банктерге арналған. Бұндай жағдайда басқару тігіні банктің жеке әрекеттері негізінде құрылады, ал көлденеңінен жобаларды басқару жүзеге асады.

Матрицалық басқару құрылымы үлкен артықшылыққа ие: банк институтының ауқымды мөлшеріне қарамастан ол оған иілмелілік сипатын сақтауға мүмкіндік береді. Ол көп жобалар бойынша жақсы нәтижелерге қол жеткізуге ең тиімді құрылым деп саналады. Оның кемшіліктері ретінде екі жерге бағынудан туатын артық күрделілік, функционалдық және жобалық бастықтар арасында нақты бөлінудің жоқтығын атауға болады.

Сырттағы қатысушылардың деңгейіне қарай банк қолданатын несиелендіру технологияларын сырттағы ұйымның көмегімен өтетін (аутсорсингпен), және өз күшімен банктің ішкі құрылымымен өтетін (аутсорсингсіз) бөлуге болады.

Аутсорсингтік қызметтерді жеткізушілер әдетте банктің еншілес компаниялары болып келеді. Бұл банкке өзінің ұйымдастырылымдық құрылымын жеңілдетіп қана қоймай, аутсорсингтік компанияны спасы мен көрсетілетін қызметтердің құны жағынан бақылауға мүмкіндік береді. Банк аясында технологиялық үрдістер негізінде түрлі аутсорсингтік мекемелердің бірігуі банк топтарының және қаржы қызметтерінің қалыптасуын көрсетеді [19].

Ұсақ және орта банктер несиелендірудің барлық технологиялық функцияларын өзінің ресурстары негізінде қамтамасыз етеді, сырттағы мекемелердің қызметтеріне тек бір реттік негізде белгілі бір мәселені шешу үшін жүгінеді.


Банктік несиелендіру үрдісін автоматтандыру дәрежесі несиелік келісімшартты жүргізген кезде оның түрлі кезеңдерінде бағдарламалық-ақпараттық қамтамасыз етілуімен бағалауға болады. Автоматтандырудың кең таралған әдісі – ақпараттық технологиялар негізінде несиелендіру үрдісін автоматтандыру болып табылады. Оларға, негізінен, «банктің операциялық күні» деген сияқты бағдарламалық технологиялық жиынтықтар жатады. Бұл жиынтықтардың негізі ретінде есептік механизмдер, ал ақпаратты жүйеге енгізудің негізі – бірінші банк құжаттамасы болып саналады. «Операциялық күн» аясында жасалынатын негізгі функциялары есепті ашу мен жүргізу, есептік жазбаларды жүргізу, ақпаратты сақтау, банктік есептерді жасау болып табылады. Жүйенің дербес модулі келісімшарттық ішкі жүйе болып саналады, оның ішінде банк келісімшарт мәтіндерін жаза алады, таңдалған шаблон бойынша келісімшарттарды жасай алады, олардың шарттарын ауыстыра және оларды тексере алады. Банктің несиелендіру технологияларына қатысты оларды жүргізу кезінде «Операциялық күн» мүмкіндіктерін қолдану несиелендіру технологиялары үрдісін автоматтандыру, қарыз алу шоттарын ашу, банк несиелерін беру мен оларды жабу, қарыз бойынша пайыздарды жүктеу және тағы да басқаларды орындауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, банк үрдістерін тек қана «операциялық күн» негізінде автоматтандыру банкке несиені беру мен алынған несиелік мәміленің тәуекелділіктерін дұрыс бағалауға мүмкіндік бермейді. Бұл мәселелер банкте арнайы мамандырылған сараптамалық жүйелер арқылы шешіледі.

Экономикалық әдебиетте «мақсатты кредит» деген түсініктің нақты анықтамасы жоқ, бірақ негізінен, бұл тұтынушыларға керек кезде түрлі немесе мақсатты қажеттіліктерін өтеуге берілетін, нақты экономикалық операциялармен анықталған несиелер.

Мақсатты несие белгілі бір сипаттарға ие болады:

1. Әртүрлі сипатқа ие бола алатын несие алушының жеке қажеттіліктеріне жауап береді.
2. Нақты несиелеу объектісі бойынша жеке қажеттіліктерге жауап береді.
3. Несиенің әрбір объектісі несиелендіру шоттарына түсіріледі және ол жерде несиенің жалпы сомасы көрсетіледі.
4. Қайталама берілген несиелер сомасы жаңа шоттарда көрсетіледі [20].



Сурет 1 – Бір реттік несиелендіруді жүзеге асырудың схемасы
Ескерту – сурет авторлармен құрастырылды

Заңды және жеке тұлғалардың мақсатты қажеттіліктерін өтеуге арналған несиелендіру технологиялары түрлі несиелік мәмілелерге негізделеді, олар ұқсас сипаттарға ие. Алайда, олар қарыз алушылардың несиені төлей алу мүмкіндіктерін бағалау мен несиені беру шаралары жақтарынан айырмашылықтарға ие.

Бір реттік мақсатты несиелендірудің технологиялық кезеңдерінің құрамы мен заңды тұлғаларды несиелендіруді жүзеге асыру схемасы 3-кестеде көрсетілген.

Кесте 3 – Заңды тұлғаларға мақсатты түрде бір реттік несие берудің технологиялық шараларының құрамы

Технологиялық кезеңдер	Технологиялық шаралар	Технологиялық шараларды жүзеге асыру түрлері
Несиелендіру туралы шешім қабылдау	Несиелендіру туралы өтініш қабылдау. Тәуекелділікті алдын ала бағалау. Мәмілені құру.	Банктің ішкі тәртіп анықталған толық құжаттар жинағы. Қаражаттық және қаражаттық емес көрсеткіштер негізіндегі қарыз алушының несиені төлей алу мүмкіндігін бағалау. Несиелендіру объектісінің жеке несиелендіру көлемінің негізінде
Несиені беру	Несиелік мәмілені құру	Стандартты несиелік мәміле
	Қаражатты беру	Бір реттік негізде, қарыз алушының несиелік шотынан оның жеке шотына
	Тәуекелділіктерді жабу көздерін таңдау	Қарыз бойынша жеке шығындар үшін қорларды дайындау. Кепілдік, сақтандыру немесе кепілгерлік.
Несиені жүргізу	Несие бойынша тәуекелділіктің мониторингін Тәуекелділіктерді жабу көздерінің реттелуі Мәміле шарттарының өзгеруі	Қарыз алушының қаражаттық жағдайының мониторингін. Кепілдік объектісінің мониторингін. Қарыз алушының төлем дисциплинасының мониторингін. Тәуекелділіктерді жабу бойынша қосымша мәмілелерді құру. Тәуекелділіктерді жабуға арналған көздерді жасау. Несиелерді қайта құрылымдау бойынша мәмілелерді құру.
Несие бойынша міндеттемелерді орындау	Міндеттердің сәйкесінші орындалуы	Бірреттік төлем немесе тұтынушының шотынан ай сайын төлем жүргізу
Ескерту – кесте авторлармен құрастырылды		

Несиелендірудің технологиялық тізбесінің қорытынды кезеңі қарызды өтеу болып саналады. Ол қарызды толығымен жабу арқылы немесе қарыздың қайтарылмайтын болып есепке алынып, оның сомасы банк дайындаған қорлардағы қаражаттармен жабылуы арқылы жүзеге асады. Бір реттік несиені жабудың бірнеше жолдары бар. Аннуитеттік және дифференциацияланған төлемдер арқылы. Несиені жабу графигі банктің әрбір тұтынушысы үшін жеке түрде дайындалады, оның кәсібінің ерекшеліктерін ескере отырып жасалынады. Бірреттік несие бойынша міндеттерді жабу тұтынушының есеп шотынан қаражаттың алуына арқылы немесе банк кредитордың төлемдік бұйрығы арқылы жүзеге асырылады. Бірреттік несиені жабу келесі жаңа несиені алу мүмкіндігін әрқашан береді деп санамау қажет. Несиелік мәміледе көрсетілген мерзімде несиені жаппаған кезде, оның сомасы мерзімі өтіп кеткен қарыздар шотына аударылады және банк тұтынушының кепілгерлік мүмкіндіктеріне жүгіне алады.

Жеке тұлғаларды бір реттік мақсатты қажеттіліктері үшін несиелендіру технологиясы заңды тұлғаларды мақсатты несиелендіру технологиясынан ақшалай қаражатты беру формасымен және қарыз алушының материалдық жағдайын бағалаумен ерекшеленеді. Қарыз алушыларға банк құжаттамасының құрамы жөнінде ерекше талаптар қойылады, ол құжаттама банкке несие беру туралы шешім қабылдауға қажет. Және де несиені төлей алудың алгоритмакалық тәсілдері қолданылады. Бұл технологиялар үшін максималды болатын несиелендіру сомасы жөнінде шешім қабылдаудың ресми түрі сәйкес келеді. Мысалы, егер де барлық ай сайынғы шығындар, олардың ішінде қарастырылатын несиелік өтініш те кіреді, барлық ай сайынғы кірістерден көп болса, банк басқалай жағымды сипаттарға қарамастан несиені бермейді.

Бір реттік мақсатты несиелендіру технологияларының құрамын қарастыру олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Бұл технологиялардың артықшылығы, әрине, олардың мақсатты бағытына байланысты болып келеді. Бұл банкке алынған қаражаттың мерзімге сай қайтарылуына бақылау жасауды жеңілдетеді. Сонымен бірге, несиелендірудің технологиялық процестерін жүзеге асыру, соның ішінде несие беру туралы шешім қабылдау кезінде, несие бойынша құжаттарды дайындау мен әрбір клиент бойынша тәуекелділікті бағалау өте ауқымды қиын шара болып табылады және банктің қосымша шығындарына әкеліп соғады.

ҚОРЫТЫНДЫ МЕН ҰСЫНЫСТАР

Жүргізілген зерттеудің нәтижесінде төмендегідей ұсыныстар жасап отырмыз:

1. Банктік несиелендіру технологияларын олардың өткені мен қазіргі кездегі дамуы тұрғысынан қарастыру арқылы мақсаттық несиелендіру технологияларын дамыту қажет.

Мақсатты несиелендіру технологиялары:

- біріншіден, клиенттің нақты несиелеу объектісі мен мақсаты тұрғысынан жеке қажеттіліктеріне жауап беруге бағытталған;

- екіншіден, клиенттің әрбір пайда болған талаптар мен қажеттіліктерге жаңадан несие мәмілесі жасалады;

- үшіншіден, несие беру талаптары мен өтеу шарттары жекеше қарауды көздейді;

- төртіншіден, тұтынушыны толығымен несиені төлей алу мүмкіндігі тұрғысынан зерттеу қажет болады;

- бесіншіден, несие бойынша тәуекелділіктерді жабу резервтерін жасауды талап етеді.

2. Әрбір қарыз алушыға жекеше қарауға негізделетін базалық несиелендіру технологиялары банкке несиелік мәміленің барысын тереңінен қадағалауға мүмкіндік беру қажет. Ол өз алдына несиенің мақсатты түрде жұмсалыуына да септігін тигізеді.

3. Қамтамасыз етілмеген несиелеуге аса назар аудару керек, өйткені бұл көбінесе халықтың несиеленуінің бақылаусыз өсуіне әкеледі.

4. Банк секторы несие портфелінің тұрақты сапасымен, өтімділік бойынша жоғары позициямен, капиталдандыру мен рентабельділіктің одан әрі нығайту қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Аубакиров Ф.М., Берикулы К. 2022 жылғы геосаяси факторлардың Қазақстан экономикасына әсері // Хабаршы [Электронды ресурс]. – 2022 ж. – URL: <https://vestnik.semuniver.kz/index.php/main/article/view/486/464> (қаралған күні 2.03.2024 ж.)
2. Лихолетов В.В., Плужников В.Г., Комарова Е.В. Инновационный менеджмент. Учебное пособие. – Челябинск: Изд-во ЮУрГУ, 2005. – С.115.
3. Райзберг Б.А., Лозовский Л.Ш., Стародубцева Е.Б. Современный экономический словарь. – М.: ИНФРА-М, 2007. – С.343.
4. Российская социологическая энциклопедия / Под общ. ред. академика РАН Г.В. Осипова. – М.: Издательство группа НОРМА – ИИФРА-М, 1998. – 574с.
5. Ожегов С.И. Толковый словарь русского языка. – М.: ИТИ Технологии, 2006. – 567 с.
6. Гэлбрейт Дж. Экономические теории и цели общества. – М.: 1976. – 67с.
7. Бабинцева Н.С. Принципиальные изменения в общественном разделении труда в ходе ПТР и их проявления в капиталистической экономике // Опыт организации капиталистического производства и развитие социалистической экономики. Ученые записки. – Л.: 1990. – 22 с.
8. Ракитов А.И. Философия компьютерной революции. – М.: 1991. – 77 с.
9. Хейнман С.А. Научно-техническая революция сегодня и завтра. – М.: Политиздат, 1977. – 193 с.
10. Деньги, кредит, банки: Учебник/Под ред. О.И. Лаврушина. – 2-изд. –М.: Финансы и статистика, 2000. – 209 с.
11. Турбанов А., Тютюнник А. Банковское дело: операции, технологии, управление //Александр Турбанов, Александр Тютюнник. – М.: Альпина Паблишер, 2010. – С.78-80.
12. Тавасиев А.М., Бычков В.П., Москвин В.А. Банковское дело: базовые операции для клиентов: Учеб. пособие / Под ред. А.М. Тавасиева. М.: Финансы и статистика, 2005. – 251 с.
13. Combining Machine Learning with Credit Risk Scorecards [Электронный ресурс]. – URL: <http://www.fico.com/> (дата обращения: 10.04.2023).
14. Валенцева Н.И. Тенденции развития методов кредитования // В сб.: Современные банковские технологии: теоретические основы и практика. – М.: Финансы и статистика, 2005. – С.85 - 89.
15. Data Analytics Essential As New Alternative Credit Scoring Models Emerge [Электронный ресурс]. - URL: https://www.gdslink.com/_data-analytics-essential-as-new-creditscoring-models-emerge/ (дата обращения: 10.04.2023)
16. Hand, David J., and William E. Henley. «Statistical classification methods in consumer credit scoring: a review» // Journal of the Royal Statistical Society: Series A (Statistics in Society) 160.3 (1997): 523-541.
17. Екінші деңгейдегі банктердің экономикаға кредиттері (Талдамалық ұсыну) // [Электронды ресурс]. – 2022 ж. – URL: <https://nationalbank.kz/ru/news/loans-to-economy-from-second-tier-banks/rubrics/1840> (Қаралған күні: ақпан, 2023 ж).
18. Қазақстандағы кредиттер бойынша нақты пайыздық мөлшерлемелер теріс аймаққа өтті // Хабаршы: forbes // [Электронды ресурс]. – 2023. – URL: https://forbes.kz/economy/finance/realnyie_protsentnyie_stavki_po_kreditam_v_kazahstane_pereshli_v_otritsatelnuyu_zonu [Қаралған күні: ақпан, 2023 ж].
19. Лаврушин О.И., Афанасьева О.П., Корниенко С.Л. Банковское дело: современная система кредитования. М.: КНОРУС, 2009. – 246 с.
20. Банковское дело: современная система кредитования: учебное пособие / О.И. Лаврушин, О.И. Афанасьева, С.Л. Корниенко; под ред. О.И. Лаврушина. – 5-е изд., стер. – М.: 2009. – 203 с.

REFERENCES

1. Aubakirov, F. M., & Berikuly, K. (2022). Geosayasi faktorlardyn Kazakstan ekonomikasyna aaaseri. Habarshy [Elektrondy maqala]. Retrieved March 2, 2024, from <https://vestnik.semuniver.kz/index.php/main/article/view/486/464> (in kazakh)
2. Liholetov, V. V., Pluzhnikov, V. G., & Komarova, E. V. (2005). Innovacionnyj menedzhment. Uchebnoe posobie. Chelyabinsk: Izd-vo YUUrGU. p. 115.

3. Rajzberg, B. A., Lozovskij, L. Sh., & Starodubceva, E. B. (2007). *Sovremennyy ekonomicheskij slovar'*. Moscow: INFRA-M. p. 343.
4. Rossijskaya sociologicheskaya enciklopediya (G. V. Osipova, Ed.). (1998). Moscow: Izdatel'stvo gruppy NORMA - INFRA-M. 574 p.
5. Ozhegov, S. I. (2006). *Tolkovyj slovar' russkogo yazyka*. Moscow: ITI Tekhnologii. 567 p.
6. Gelbrejt, Dzh. (1976). *Ekonomicheskie teorii i celi obshchestva*. Moscow. 67 p.
7. Babinceva, N. S. (1990). *Principial'nye izmeneniya v obshchestvennom razdelenii truda v hode PTR i ih proyavleniya v kapitalisticheskoy ekonomike. Opyt organizacii kapitalisticheskogo proizvodstva i razvitie socialisticheskoy ekonomiki. Uchenye zapiski (pp. 22)*. Leningrad.
8. Rakitov, A. I. (1991). *Filosofiya komp'yuternoj revolyucii*. Moscow. 77 p.
9. Hejzman, S. A. (1977). *Nauchno-tehnicheskaya revolyuciya segodnya i zavtra*. Moscow: Politizdat. 193 p.
10. Den'gi, kredit, banki: Uchebnik (O. I. Lavrushin, Ed.). (2000). (2nd ed.). Moscow: Finansy i statistika. 209 p.
11. Turbanov, A., & Tyutyunnik, A. (2010). *Bankovskoe delo: operacii, tekhnologii, upravlenie*. In A. Turbanov & A. Tyutyunnik (pp. 78-80). Moscow: Al'pina Publisher.
12. Tavasiev, A. M., Bychkov, V. P., & Moskvina, V. A. (2005). *Bankovskoe delo: bazovye operacii dlya klientov: Ucheb. posobie*. (A. M. Tavasiev, Ed.). Moscow: Finansy i statistika. 251 p.
13. Combining machine learning with credit risk scorecards. Retrieved April 10, 2023, from <http://www.fico.com> (in Russian)
14. Valenceva, N. I. (2005). *Tendencii razvitiya metodov kreditovaniya*. In *Sovremennye bankovskie tekhnologii: teoreticheskie osnovy i praktika* (pp. 85-89). Moscow: Finansy i statistika.
15. Data analytics essential as new alternative credit scoring models emerge. Retrieved April 10, 2023, from https://www.gdslink.com/_data-analytics-essential-as-new-creditscoring-models-emerge/ (in Russian)
16. Hand, D. J., & Henley, W. E. (1997). Statistical classification methods in consumer credit scoring: A review. *Journal of the Royal Statistical Society: Series A (Statistics in Society)*, 160(3), 523-541.
17. Ekinshi dengejdegі bankterdin ekonomikaga kreditteri (Taldamalyk usynu) (2022). Retrieved February, 2023, from <https://nationalbank.kz/ru/news/loans-to-economy-from-second-tier-banks/rubrics/1840> (in Kazakh)
18. Kazakstandagy kreditter bojynsha nakty pajyzdyk molsherlemeler teris ajmakka otti (2023). Habarshy: Forbes. Retrieved February, 2023, from https://forbes.kz/economy/finance/realnyie_protsentnyie_stavki_po_kreditam_v_kazahstane_pereshli_v_otritsatelnuyu_zonu (in Kazakh)
19. Lavrushin, O. I., Afanas'eva, O. II., & Kornienko, S. L. (2009). *Bankovskoe delo: sovremennaya sistema kreditovaniya*. Moscow: KNORUS. 246 p.
20. *Bankovskoe delo: sovremennaya sistema kreditovaniya: uchebnoe posobie* O. I. Lavrushin, O. I. Afanas'eva, & S. L. Kornienko, Eds. 2009. 5th ed. Moscow. 203 p.

БАНКОВСКОЕ КРЕДИТОВАНИЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛЬНОЙ ФИНАНСОВОЙ НЕСТАБИЛЬНОСТИ: КАЗАХСТАНСКИЙ КЕЙС

Р. У. Гулимбетова¹ Н. С. Нуркашева^{2*}, М. Д. Жумабаева³,

¹Евразийский технологический университет, Алматы, Республика Казахстан

²Университет Нархоз, Алматы, Республика Казахстан

³Алматы менеджмент университет, Алматы, Республика Казахстан

АННОТАЦИЯ

Цель исследования. Целью научной статьи является рассмотрение важности и особенностей применения основных технологий процесса кредитования в отечественных банках второго уровня в условиях нестабильности и неопределенности современных мировых финансово-экономических отношений.

Методология. В ходе исследования используются общенаучные методы, обзор литературы, анализ, синтез, дедукция, классификация, системные подходы.

Оригинальность/ценность исследования. Банковская система РК, по оценкам европейских и международных экспертов, признана наиболее развитой банковской системой среди стран СНГ. Действительно, в последние годы в банковской системе Республики Казахстан наблюдаются сильные изменения; в банковскую систему внедрены международные стандарты, созданы такие важные институты, как обязательные гарантийные резервы по депозитам и ипотечному кредитованию; организован «Отбасы банк»; процессинговый центр; услуги кредитного бюро.

В данной статье рассматриваются особенности технологии процесса банковского кредитования, которая позволяет нам совершенствовать банковские услуги по всем направлениям, предоставляя наиболее удобные и привлекательные услуги для клиентов с помощью современных технологий кредитования.

Результаты исследования. Были рассмотрены направления применения технологических механизмов процесса кредитования, которые позволяют ускорить предоставление банковских услуг, одновременно обслуживать нескольких клиентов и достигать высокой эффективности.

Ключевые слова. Банковский кредит, кредитные операции, технологии кредитования, схематическая функциональная структура, управление кредитным риском, технологические этапы.

BANK LENDING IN CONDITIONS OF GLOBAL FINANCIAL INSTABILITY: THE CASE OF KAZAKHSTAN

R. U. Gulimbetova¹, N. S. Nurkasheva^{2*}, M. D. Zhumabayeva³

¹Eurasian Technological University, Almaty, Republic of Kazakhstan

²Narxoz University, Almaty, Republic of Kazakhstan

³Almaty Management University, Almaty, Republic of Kazakhstan

ABSTRACT

Purpose of the study. The purpose of the scientific article is to consider the importance and features of the application of the main technologies of the lending process in domestic second-tier banks in the conditions of instability and uncertainty of modern world financial and economic relations.

Methodology. In the course of the study, general scientific methods, literature review, analysis, synthesis, deduction, classification, systematic approaches are used.

Originality / value of the study. The banking system of the Republic of Kazakhstan, according to European and international experts, is recognized as the most developed banking system among the CIS countries. Indeed, in recent years, strong changes have been observed in the banking system of the Republic of Kazakhstan; international standards have been introduced into the banking system, such important institutions as mandatory guarantee reserves for deposits and mortgage lending have been created; Otbasny Bank; processing center; credit bureau services have been organized.

This article discusses the features of the technology of the bank lending process, which allows us to improve banking services in all areas, providing the most convenient and attractive services for customers through modern lending technology.

Results of the study. The directions of application of technological mechanisms of the lending process, which allow us to speed up the provision of banking services, simultaneously serve several clients, and achieve high efficiency, were considered.

Keywords. Bank credit, credit operations, lending technologies, schematic functional structure, credit risk management, technological stages.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ

Гулимбетова Рая Ургенишбаевна – аға оқытушы, Еуразиялық технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, email: gulimbetovar@mail.ru. ORCID ID: 0000-0001-5134-7475

Нуркашева Нурсулу Султанияровна – экономика ғылымдарының кандидаты, ассистент профессор, Нархоз университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, email: nursulu.nurkasheva@narhoz.kz, ORCID 0000-0002-3798-3130; AAN-9751-2020*

Жумабаева Мырзабике Достановна – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Алматы менеджмент университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, email: mirzabike@mail.ru, ORCID 0000-0002-0196-0682

МРНТИ 06.35

JEL Classification: F21; O11; J16

DOI: <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2024-4-133-145>

ВЛИЯНИЕ ПРЯМЫХ ИНОСТРАННЫХ ИНВЕСТИЦИЙ НА ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ КАЗАХСТАНА

Г. Б. Исатаева^{1*}, С. Т. Сейтбекова², В. Н. Сейтова³

¹Южно-Казахстанский педагогический университет, Шымкент, Республика Казахстан

²Казахский государственный аграрный исследовательский университет,
Алматы, Республика Казахстан

³Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Республика Казахстан

АННОТАЦИЯ

Цель исследования – заключается в анализе взаимосвязи между прямыми иностранными инвестициями (ПИИ), экономическим ростом, уровнем инфляции и объемом международных резервов в контексте экономики Казахстана.

Методология – использование количественного анализа с применением эконометрической модели линейной регрессии для оценки влияния ПИИ на экономические показатели Казахстана. Данные для анализа были взяты из открытых источников Всемирного банка за период с 1992 по 2022 год.

Оригинальность / ценность исследования – это исследование оценивает, как прямые иностранные инвестиции влияют на экономику стран с переходным периодом на примере Казахстана. Авторы проводят глубокий анализ макроэкономических факторов, влияющих на инвестиционную среду, что ключевым образом способствует разработке государственной экономической стратегии.

Результаты исследования – Результаты показали, что международные резервы имеют значимое положительное влияние на привлечение ПИИ, в то время как инфляция не оказала статистически значимого воздействия в данной модели.

Ключевые слова: прямые иностранные инвестиции, экономический рост, международные резервы, инфляция, экономика Казахстана, эконометрическое моделирование.

ВВЕДЕНИЕ

В условиях глобализации, ключевой задачей для Казахстана является обеспечение устойчивого экономического роста через оптимизацию уровня инвестиций. Актуальность исследования подтверждается анализом данных Национального Банка Казахстана за период 2010-2020 годов, согласно которым валовый приток прямых иностранных инвестиций (ПИИ) в страну составил около 249 млрд долл. США. Значительная часть этих инвестиций приходится на нефтегазовый сектор (30,4 %) и добычу